



БҰЙРЫҚ

5 мамыр 2023 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 199

город Астана

**2023 жылға арналған шетелде
академиялық ұтқырлық шеңберінде
оқу үшін орын санын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларының 41-тармағына сәйкес және 2023 жылғы 19 сәуірдегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқытушылық қызметке тарту үшін шетелдік ғалымдардың санын және шетелде академиялық оралымдылық шеңберінде оқу үшін студенттер санын айқындау жөніндегі комиссия отырысының № 1 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылға арналған академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға арналған орындардың қоса беріліп отырған саны бекітілсін.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ректорлары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) осы бұйрықтың тиісті орындалуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – Орталық) орындалған жұмыс көлемі мен бөлінген қаражаттың игерілуі туралы ақпаратты 2023 жылғы 1 қазанға, 1 қарашаға және 1 желтоқсанға дейін ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Экономика және қаржы департаменті тиісті бюджеттік бағдарлама шеңберінде уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Орталық бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы мен орындалған жұмыс көлеміне мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін, мониторинг нәтижелерін тиісті талдамалық анықтамамен ресімдесін және 2023 жылғы 15 қазанға, 15 қарашаға және 10 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қарауына ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті осы бұйрықты ЖЖОКБҰ назарына жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің міндетін атқарушы



Т. Ешенқұлов